

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі

Инфляцияға шолу
2014 жылғы 3-тоқсан

Мазмұны

Мазмұны	2
Негізгі терминдер және ұғымдар	3
Графиктердің және кестелердің тізбесі.....	5
Резюме	7
1. Инфляциялық процестер	9
1.1. Тұтыну бағалары.....	9
1.2. Базалық инфляция	10
1.3. Экономиканың нақты секторындағы бағалар	12
1.3.1. Өнеркәсіп өндірісіндегі бағалар	12
1.3.2. Ауыл шаруашылығындағы бағалар	13
1.3.3. Кәсіпорындар мониторингі	14
2. Инфляция факторалары.....	17
2.1. Жиынтық сұраныс	17
2.1.1. Жеке тұтыну және инвестициялық сұраныс	17
2.1.2. Мемлекеттік тұтыну	19
2.1.3. Сыртқы сектор	21
2.2. Өндіріс	26
2.3. Еңбек нарығы	27
2.3.1. Еңбекпен қамту және жұмыссыздық	27
2.3.2. Жалақы және өнімділік.....	29
3. Ақша ұсынысы	31
3.1. Ақша агрегаттары	31
3.1.1. Ақша массасы.....	31
3.1.2. Ақша массасы.....	32
3.1.3. Айналыстағы қолма-қол ақша.....	33
3.2. Қаржы нарығы	33
3.2.1. Резиденттердің депозиттері	33
3.2.2. Экономикаға кредиттер	36
3.2.3. Банктердің активтері мен міндеттері	39
3.2.4. Қаржы нарығындағы мөлшерлемелер.....	41
4. Ақша-кредит саясатының құралдары мен операциялары.....	44
4.1. Ішкі валюта нарықтарындағы интервенциялар	45
4.2. Ең төменгі резервтік талаптар	46
4.3. Ашық нарық операциялары.....	47
4.4. Тұрақты механизмдер.....	48

Негізгі терминдер және ұғымдар

1-бөлім бойынша. Инфляциялық процестер

Инфляция Қазақстан Республикасында Астана және Алматы қалаларында, барлық облыс орталықтарында және қалалар мен аудан орталықтарының таңдаулы топтары бойынша халықтың жеке тұтынуы үшін сатып алынатын тауарлардың және қызмет көрсетулердің бағаларының жалпы деңгейінің өзгеруін сипаттайтын тұтыну бағалары индексі (ТБИ) негізінде есептеледі. Инфляцияны есептеуге арналған тұтыну қоржыны үй шаруашылығы шығыстарының құрылымын көрсетеді және халық тұтынуында неғұрлым үлестік салмаққа ие болып отырған 508 тауар мен қызмет көрсетуді қамтиды.

Базалық инфляция – жекелеген әкімшілік, жағдайға байланысты және маусымдылық сипаттағы факторлардың ықпалынан бағаның қысқа мерзімді біркелкі емес өзгеруін болдырмайтын инфляция.

Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі 2004 жылдан бастап мынадай 5 әртүрлі әдістеме бойынша базалық инфляцияны есептеуді жүзеге асырады:

- 1-ші базалық инфляция: көкөніс, жеміс-жидек, бензин және көмір бағасының өсуін есепке алмағандағы инфляция;

- 2-ші базалық инфляция: көкөніс, жеміс-жидек, реттелетін қызмет көрсету және энергия ресурстары бағасының өсуін есепке алмағандағы инфляция;

- 3-ші базалық инфляция: 5 ең жоғары және 5 ең төмен баға өсімдерін есепке алмағандағы инфляция;

- 4-ші базалық инфляция: trimmed mean – ТБИ есептеу кезінде жиынтық салмағы кемінде 8% және 92%-дан асатын құрамдас бөліктер алынып тасталынады, яғни бағасы анағұрлым өзгерген (өскен немесе төмендеген) тауарлар мен қызметтер ескерілмейді;

- 5-ші базалық инфляция: median CPI – ТБИ есептеу кезінде бағалардың өзгеруі бойынша ранжирленген қатардың ортасында болатынды қоспағанда, бағалардың барлық өзгеруі есепке алынбайды, яғни статистикалық медиана. Median CPI жиынтық салмағы 50%-ға тең немесе асатын бірінші құрамдас бөлік бағасының өзгеруіне тең болады.

2002 жылдан бастап Ұлттық Банк жүргізетін **Кәсіпорындар мониторингі** шеңберінде нақты сектор кәсіпорындарының инфляциялық күтулерін зерттеу жүзеге асырылуда. Бұл зерттеу пікіртерім жүргізілген кәсіпорындар басшыларының кәсіпорындардың өндірістік қызметіне қатысты бағаларымен, оның ішінде өткен және алдағы тоқсандағы дайын өнімге және өндірісте пайдаланылатын шикізат пен материалдарға сұраныс және бағаға қатысты сапалық бағаларымен («көтеріледі», «төмендейді», «өзгеріссіз қалады») сипатталады.

Диффузиялық индекс кәсіпорындардың «көтеріледі» деген жауаптары үлесінің және кәсіпорындардың «өзгеріссіз» деген жауаптары жартысының үлесі сомасы ретінде шығарылады. Бұл индекс қаралып отырған көрсеткіштің өзгеріс динамикасын сипаттайтын жинақталған индикатор болып табылады. Бұл ретте индекстің 50-ден жоғары мәні көрсеткіштің оң өзгерісін, 50-ден төмен мәні теріс өзгерісін білдіреді.

2-бөлім бойынша. Инфляция факторлары

Бюджетке **түсімдерге** кірістер (салық түсімдері, салыққа жатпайтын түсімдер, негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер), бюджеттік кредиттерді өтеу, мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түсімдер кіреді.

Бюджеттің **шығыстары** шығындар (ағымдағы және күрделі), бюджеттік кредиттер, қаржылық активтерді сатып алу болып табылады.

3-бөлім бойынша. Ақша ұсынысы

Ақша базасына (резервтік ақша) Ұлттық Банктің кассаларындағы қолма-қол ақшаны қоспағанда, Ұлттық Банк айналысқа шығарған қолма-қол ақша (Ұлттық Банктен тыс қолма-қол ақша), банктердің аударылатын және басқа депозиттері, аударылатын банктік емес қаржылық ұйымдардың депозиттері мен мемлекеттік және мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдардың Ұлттық Банктегі теңгедегі ағымдағы шоттары кіреді.

Тар ақша базасы банктердің Ұлттық Банктегі басқа депозиттерін есепке алмағандағы ақша базасын білдіреді.

M1 ақша агрегаты айналыстағы қолма-қол ақша сомасы және банктік емес заңды тұлғалардың және халықтың теңгедегі аударылатын депозиттері сомасы ретінде есептеледі.

M2 ақша агрегаты M1 ақша агрегатына плюс теңгедегі басқа депозиттер және банктік емес заңды тұлғалардың және халықтың шетел валютасындағы аударылатын депозиттеріне тең.

Ақша массасы (M3) Ұлттық Банктің және банктердің баланстары шоттарын шоғырландыру негізінде айқындалады. Ол айналыстағы қолма-қол ақшадан және заңды тұлға - резиденттер мен үй шаруашылығы - резиденттердің ұлттық және шетел валютасындағы аударылатын және басқа депозиттерінен тұрады.

Аударылатын депозиттер – барлық депозиттер, бұлар: 1) кез келген уақытта номиналы бойынша айыппұлсыз және шектеусіз ақшаға айналдыруға болатын; 2) чектің, траттаның немесе жиро-тапсырмалардың көмегімен еркін аударылатын; 3) төлемдерді жүзеге асыру үшін кеңінен пайдаланылатын депозиттер. Аударылатын депозиттер тар ақша массасының бір бөлігі болып табылады.

Басқа депозиттерге, негізінен, белгілі бір уақыт кезеңі өткеннен кейін алуға болатын немесе әдеттегі коммерциялық операцияларға пайдалану үшін қолайлылығын азайтатын әр түрлі шектеулері бар және негізінен жинақ ақшасы тетіктеріне қойылатын талаптарға жауап беретін жинақ және мерзімдік депозиттер жатқызылады. Сонымен қатар, басқа депозиттерге сондай-ақ шетел валютасымен көрсетілген, аударылмайтын салымдар мен депозиттер кіреді.

KazPrime индикаторы Қазақстанның банкаралық депозиттерінің KazPrime индикаторын қалыптастыру туралы келісімге қатысушы банктерде банкаралық депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасын білдіреді. Әрбір баға белгілеуге Келісімге қатысушылардың бірінің депозитіне ақша тарту және орналастыру ставкасы, сондай-ақ ақша орналастыру және тарту көлемі қосылады. Баға белгілеудің ең төменгі көлемі – 150 млн. теңге. Баға белгілеулер арасындағы ең жоғары спрэд – 100 базистік тармақ (жылдық 1,00%). Жобаны іске қосу сәтінде банкаралық депозиттің жүйеленген мерзімі үш ай болады.

4-бөлім бойынша. Ақша-кредит саясатының құралдары және операциялары

Ұлттық Банктің Қазақстан қор биржасындағы (ҚҚБ) валюталық саудасаттықтарға **қатысу коэффициенті** Ұлттық Банктің ҚҚБ-дағы сауда-саттықтың нетто-көлеміне нетто-қатысуының арақатынасы (шетел валютасын сатып алу минус сату) ретінде есептеледі.

Ақша нарығындағы Ұлттық Банк операцияларының сальдосы айналыстағы қысқа мерзімді ноталар, банктердің Ұлттық Банктегі депозиттік және корреспонденттік шоттарындағы қалдықтар көлемінің өзгеруі және мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу және сату бойынша нетто-операциялар сомасы ретінде есептеледі.

Графиктердің және кестелердің тізбесі

Графиктер

- 1-график. Тоқсандық инфляцияның және оның құрамдас бөліктерінің серпіні
- 2-график. Жылдық инфляцияның және оның құрамдас бөліктерінің серпіні
- 3-график. Тоқсандық инфляцияның және базалық инфляцияның серпіні
- 4-график. Жылдық инфляцияның және базалық инфляцияның серпіні
- 5-график. Өнеркәсіп өнімін өндіруші кәсіпорындардың бағалары индексінің серпіні
- 6-график. Ауылшаруашылығы өнімі бағасы индексінің серпіні
- 7-график. Сұраныс пен баға өзгерісінің диффузиялық индекстері
- 8-график. Жиынтық сұраныстың құрамдас бөліктерінің ЖІӨ-нің өсуіне үлесі
- 9-график. Халықтың шығыстары мен кірістерінің серпіні
- 10-график Негізгі капиталға инвестициялардың шығыстар серпіні
- 11-график. Мемлекеттік бюджеттің орындалуы
- 12-график. Мемлекеттік бюджетті орындау (жылдық мәліметтер)
- 13-график. Металдардың әлемдік бағасының серпіні
- 14-график. Мұнайдың (Брент), бидайдың (АҚШ) әлемдік бағасының серпіні
- 15-график. Ағымдағы операциялар шотының балансы
- 16-график. Теңгенің нақты айырбас бағамдарының индекстері
- 17-график. Теңгенің АҚШ долларына шаққандағы номиналдық айырбастау бағамының серпіні
- 18-график. Теңгенің еуроға және ресей рубліне шаққандағы ресми бағамының серпіні
- 19-график. Нақты ЖІӨ-нің өсуіне экономиканың негізгі салаларының үлесі
- 20-график. Экономикалық белсенді халықтың құрылымы
- 21-график. Нақты жұмыссыздық деңгейі
- 22-график. Еңбек өнімділігінің және нақты жалақының серпіні
- 23-график. Ақша агрегаттарының серпіні
- 24-график. Ақша мультипликаторының және оның құраушыларының серпіні
- 25-график. Депозиттердің және мерзімді депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің серпіні
- 26-график. Заңды тұлғалардың депозиттерінің өзгеру серпіні
- 27-график. Жеке тұлғалардың депозиттерінің өзгеру серпіні
- 28-график. Экономикаға кредиттер және олар бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің серпіні
- 29-график. Заңды тұлғаларға берілген кредиттердің серпіні
- 30-график. Халыққа берілген кредиттердің серпіні
- 31-график. Банктердің активтерінің серпіні
- 32-график. Банктердің активтерінің құрылымы
- 33-график. Банктердің міндеттемелерінің серпіні
- 34-график. Банктердің міндеттемелерінің құрылымы
- 35-график. KazPrime индикаторының серпіні және ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесі
- 36-график. РЕПО операциялары бойынша мөлшерлемелер серпіні
- 37-график. Ұлттық Банк мөлшерлемелері дәлізінің шекаралары
- 38-график. Банктердің Ұлттық Банктегі корреспонденттік шоттардағы қалдықтары
- 39-график. Ішкі валюта нарығындағы сауда-саттық көлемі
- 40-график. Ұлттық Банктің Қазақстан қор биржасындағы қатысу коэффициенті
- 41-график. Ең төменгі резервтік талаптар нормативінің орындалуы
- 42-график. Қысқа мерзімді ноттарды орналастыру көлемі және олар бойынша кірістілік

43-график. Айналыстағы қысқа мерзімді ноттар

44-график. Ұлттық Банк тартқан депозиттер бойынша сыйақы көлемі және мөлшерлемелері

45-график. Ұлттық Банктің банктерден тартылған депозиттері бойынша өтелмеген міндеттемелерінің көлемі

46-график. Ұлттық Банктің қайта қаржыландыру қарыздарының көлемі

Кестелер

1-кесте. Баға индекстерінің және сауда талаптарының өзгеруі

2-кесте. Ұлттық Банктің активтері мен пассивтерінің өзгеру серпіні

3-кесте. Ақша массасының өзгеру серпіні

4-кесте. Резиденттер депозиттерінің өзгеру серпіні

Резюме

2014 жылғы қыркүйектің соңындағы жылдық инфляция 7,4%-ды құрады. Инфляциялық процестердің күшеюіне маусымдық факторларға байланысты азық-түлік және азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсуі, сондай-ақ ішкі нарықта импорттық тауарлардың қымбаттауы ықпал етті. Ақылы қызметтер тарифтерінің өсу қарқыны баяулауын жалғастырды, оған табиғи монополиялар тарифтерін 2014 жылғы 1 мамырға дейін көтеруге мораторий енгізу себепші болды.

2014 жылғы шілде-қыркүйекте инфляция 1,0%-ды (2013 жылдың 3-тоқсанында – 0,6%-ды) құрады, бұл 2014 жылғы 2-тоқсандағы – 1,5% қарағанда, айтарлықтай төмен. Тұтынушылық бағалар индексі құрылымында азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағалары анағұрлым жоғары қарқынмен өсті. Ресейден жеткізілімдердің төмендеуімен және жанар-жағар май материалдар нарығында кейбір тапшылықтың туындауымен байланысты бензиннің шекті бөлшек бағасының көтерілуі жалпы алғанда азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасы қымбаттауының негізгі себебі болды. Өйткені жанар-жағар май материалдарының құны инфляцияның өсуіне тікелей, сол сияқты жанана әсер ететіндіктен, бұл жағдай баға белгілеу кезінде маңызды фактор болып қалды және бұдан былай инфляциялық процестердің күшею тәуекелін тудырады.

Ішкі нарықта азық-түлік тауарлары бағасының өсуі сондай-ақ Ресейдің Батыс елдерінен әкелінетін азық-түлік тауарларының жекелеген түрлеріне эмбарго енгізумен байланысты.

Тұтастай алғанда, ішкі азық-түлік нарығындағы ахуал тұрақты болды. Ауыл шаруашылығы дақылдарының жаңа астығын жинау қолайсыз ауа-райы-климат жағдайларымен қиындатылғанына қарамастан, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің ақпараты бойынша 2014 жылғы 27 қазандағы жағдай бойынша 16,2 млн. тонна астық бастырылды. Ресей Федерациясында сондай-ақ 2014 жылғы 27 қазандағы жағдай бойынша 107,3 млн. тонна астық бастырылды (2013 жылы – 91,3 млн. тонна), ол 2008 жылғы дәнді-дақылдар астығының көлемі бойынша рекордтан (108 млн. тонна) асып кетуі мүмкін. Осыған байланысты, бұдан былай нан-тоқаш және макорон өнімдері нарығында бағаның тұрақтылығы күтіледі.

2014 жылғы 3-тоқсанда инфляцияның қалыптасуы монетарлық факторлардың ең аз ықпалы аясында өтті. Экономикадағы ақша ұсынысының негізгі көрсеткіші болып табылатын ақша масасы 2014 жылғы шілде-қыркүйекте 0,4%-ға ұлғайып, 13 466,8 млрд. теңгені құрады. Тұтастай алғанда, жылдық есептеуде ақша ұсынысы экономика қажеттілігіне сәйкес келеді және оның көлемі іскерлік белсенділікті қолдау үшін жеткілікті.

Бұл ретте, 2014 жылғы 9 ай ішінде ІЖӨ нақты өсуі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің алдын ала деректері бойынша 4,1%-ды құрады.

Экономиканың нақты секторында әртүрлі бағыттағы үрдіс байқалды. Өнеркәсіптік өндіріс 2014 жылғы қаңтар-қыркүйекте 2013 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда көлемі бойынша 0,2%-ға, оның ішінде өңдеуші өнеркәсіптегі өндірістің – 0,3%-ға және тау-кен өндіру өнеркәсібі мен карьерлер өндіруде – 0,2%-ға құлдырауы есебінен төмендеді. Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны кондиционирлеу көлемі 1,8%-ға ұлғайды. Ауыл шаруашылығының өсуі осы кезеңде 1,5%-ды, құрылыста – 4,3%-ды құрады.

2014 жылғы 3-тоқсанда Ұлттық Банк ақша-кредит саясатын іске асыру шеңберінде ақша нарығында теңгелік қысқамерзімді өтімділікті реттеуге бағытталған операцияларды жүргізуді жалғастырды. Ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесі 2014 жылғы шілде-қыркүйекте өзгермей, жылдық 5,5% деңгейінде қалды.

Банктердің Ұлттық Банк эмиссиялайтын бағалы қағаздар мен депозиттерге деген сұранысы қалпына келуде. Мәселен, шығарылған қысқамерзімді ноттардың көлемі 2014 жылғы шілде-қыркүйекте 30,8 млрд. теңгені құрады, бұл 2013 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 2,2 есе көп. Банктерден тартылған депозиттердің көлемі осы кезеңде 2013 жылдың 3-тоқсанымен салыстырғанда 1 929,4 млрд. теңгеге дейін 5,1 есе өсті.

Банктердегі жиынтық депозиттер 2014 жылғы қыркүйектің соңында 2014 жылғы маусымға қарағанда 1,2%-ға ұлғайып, 12 097,5 млрд. теңгені құрады. Бұл ретте осы кезеңде шетел валютасындағы депозиттер көлемінің өсуі 3,3%-ды құрады.

Экономиканы кредиттеу 2014 жылғы қыркүйекте 2014 жылғы маусыммен салыстырғанда 12 228,3 млрд. теңгеге дейін 0,5%-ға ұлғайды. Халыққа берілген кредиттер көлемінің өсуі көрсетілген кезеңде 1,6%-ды құрады.


1. Инфляциялық процестер

1.1. Тұтыну бағалары

2014 жылғы 3-тоқсанда тоқсандық инфляцияның өткен кезеңмен салыстырғанда бұдан әрі баяулауы байқалды. 2014 жылғы шілде-қыркүйекте инфляция 1,0%-ды құрады (2013 жылғы 3-тоқсанда – 0,6%), ал 2014 жылғы 2-тоқсанда осы көрсеткіш 1,5% белгіде қалыптасты. 2014 жылғы 3-тоқсанда инфляцияның қалыптасуына азық-түлікке жатпайтын тауарлар және көрсетілетін қызметтер бағаларының өсуі үлкен әсер етті. Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағалары 1,9%-ға (2013 жылғы 3-тоқсанда – 0,6%) өсті, азық-түлік тауарлары – өзгерген жоқ (0,1%-ға төмендеу). Ақылы қызметтердің бағалары 1,4%-ға (1,4%) қымбаттады (1-график).

1-график

Тоқсандық инфляцияның және оның құрамдас бөліктерінің серпіні (өткен кезеңге %-бен)



Дереккөзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

2014 жылғы маусыммен салыстырғанда 2014 жылғы қыркүйекте азық-түлік тауарларының ішінде көбінесе күріш 9,7%-ға, жұмыртқа – 8,3%-ға, ұн – 5,8%-ға, ет және ет өнімдері – 3,3%-ға, оның ішінде құс еті – 18,7%-ға, қант – 3,8%-ға, шәй – 3,0%-ға, балық және балық өнімдері – 2,0%-ға, макарон өнімдері – 1,9%-ға өсті. Көрсетілген кезеңде жеміс пен көкөніс 16,6%-ға, оның ішінде картоп – 42,7%-ға, орам жапырақ – 30,9%-ға, пияз – 20,7%-ға, сондай-ақ қарақұмық жармасы – 0,6%-ға арзандады.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар тобында 2014 жылғы шілде-қыркүйекте сыртқы киім бағасы – 1,8%-ға, аяқ-киім бағасы – 1,3%-ға, маталар – 0,8%-ға, дәрі-дәрмек бағасы 1,9%-ға, үй тұрмысында пайдаланылатын заттар – 1,1%-ға, оның ішінде ыдыс-аяқ және асханалық аспаптар – 1,3%-ға, жуу және тазалау құралдары – 1,4%-ға өсті. Бензиннің құны 8,7%-ға, дизель отынының құны – 0,4%-ға көтерілді.


2014 жылғы 3-тоқсанда ақылы қызмет көрсету құрылымында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қызметтерінің ақысы 0,7%-ға көтерілді. Бұл ретте, тарату желілері бойынша тасымалданатын газға тарифтер 5,1%-ға, ыстық су – 1,3%-ға, қоқыс жинау – 1,0%-ға, сұйытылған газ – 1,3%-ға, тұрғын үй жалдау – 1,3%-ға өсті. Сондай-ақ

амбулаторлық қызметтердің бағасы – 3,1%-ға, аурухана қызметтері – 2,9%-ға, көлік қызметтері – 2,3%-ға (негізінен, автомобиль көлігі қызметтерінің қымбаттауы есебіне – 4,2%-ға), білім беру қызметтері – 2,5%-ға, сондай-ақ мейрамханалар мен қонақ үйлер қызметтерінің бағасы – 2,4%-ға өсті.

2014 жылғы қыркүйекте инфляция жылдық көрсеткіште 7,4%-ды құрады (2013 жылғы желтоқсанда – 4,8%). 2013 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 2014 жылғы қыркүйекте азық-түлік тауарлары 7,4%-ға (3,3%-ға), азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 8,4%-ға (3,3%-ға), ақылы қызметтер – 6,5%-ға (8,0%-ға) қымбаттады (2-график).

2-график

Жылдық инфляцияның және оның құрамдас бөліктерінің серпіні (алдыңғы жылдың тиісті айына %-бен)



Дереккөзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті


1.2. Базалық инфляция

2014 жылғы 3-тоқсанда базалық инфляцияның көрсеткіштері алдыңғы тоқсанның тиісті көрсеткіштерінен асты. 2013 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда сондай-ақ базалық инфляцияның барлық көрсеткіштері бойынша анағұрлым жоғары деңгей байқалды.

2014 жылғы 3-тоқсанда базалық инфляцияның барлық көрсеткіштері, 5-базалық инфляцияны қоспағанда, жалпы инфляция деңгейінен асты (3-график). Бұл базалық инфляцияны есептеу кезінде алып тасталынатын, 2014 жылғы шілде-қыркүйекте жеміс-көкініс өнімдеріне бағаның елеулі (16,6%-ға) төмендеуі аясында болды.

3-график

Тоқсандық инфляцияның және базалық инфляцияның серпіні (өткен кезеңге %-бен)




Дереккөзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

Базалық инфляцияның жылдық көрсетудегі көрсеткіштері 2014 жылғы шілде-қыркүйекте жеделдеді (4-график). 1-базалық инфляция және 2-базалық 2014 жылғы қыркүйектің қорытындысы бойынша жылдық көрсеткіш бойынша жалпы инфляцияның мәнінен асты, бұл сондай-ақ көбінесе жеміс пен көкөністің жылдық көрсеткіш бойынша өсуінің қалыпты қарқынымен байланысты.

2014 жылғы қыркүйектің қорытындысы бойынша базалық инфляцияның жылдық көрсеткіш бойынша барлық көрсеткіші 2013 жылғы желтоқсанның көрсеткіштерімен салыстырғанда неғұрлым жоғары деңгейде қалыптасты (4-график).

4-график

Жылдық инфляцияның және базалық инфляцияның серпіні (өткен жылдың тиісті айына %-бен)



Дереккөзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

1.3. Экономиканың нақты секторындағы бағалар

1.3.1. Өнеркәсіп өндірісіндегі бағалар

2014 жылғы 3-тоқсанда өнеркәсіп өнімдерін шығаратын кәсіпорындардың бағалары 2,1%-ға төмендеді (2013 жылғы 3-тоқсанда 7,4% төмендеді). Өндірілген өнім құнының бағасы 2,2%-ға төмендеді, бұл ретте оның құрамында аралық тұтыну өнімінің бағасы 3,0%-ға төмендеді, өндіріс құралдарының бағасы 0,8%-ға қымбаттады, тұтыну тауарларының бағасы 2,7% қымбаттады. Өндірістік сипаттағы қызмет көрсетулердің бағасы 0,9% өсті.

2014 жылғы 3-тоқсанда тау-кен өндіру саласындағы бағалар 4,0%-ға төмендеді, бұған өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда мұнай бағасының анағұрлым төмен болуы себепші болды (2013 жылғы 3-тоқсанда – 10,9% өсті).

Энергия ресурстарының құны өткен тоқсанда 2,2% өскеннен кейін, 2014 жылғы 3-тоқсанда 3,6%-ға төмендеді (2013 жылғы 3-тоқсанда 11,2% өсті). Шикізат энергия ресурстарының құрамында мұнай өндіру бағасы тамызда және қыркүйекте төмендеу есебінен 3,9%-ға төмендеді (2013 жылғы 3-тоқсанда 10,6% өсті), газ конденсатының құны 7,6%-ға төмендеді (2013 жылғы 3-тоқсанда 27,0% өсті).


Өңдеуші өнеркәсіптегі бағалар өткен тоқсанда 2,2% өскен кейін есепті кезеңде 2,4%-ға өсті (2013 жылғы 3-тоқсанда 0,2% өсті). Бұл ретте 2014 жылғы 3-тоқсанда металлургия өнеркәсібіндегі бағалар 2,3%-ға, мұнай өңдеу өнімдерінің бағасы 3,9%-ға, тамақ өнімдерін өндіру бағасы 3,9%-ға өсті.

Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны кондиционирлеу салаларында 2014 жылғы 3-тоқсанда бағалар 0,3% өсті (2013 жылғы 3-тоқсанда 0,5% өсті).

2014 жылғы қыркүйекте өнеркәсіп өндірісінде бағаның өсуі жылдық көрсеткіш бойынша (2012 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 2013 жылғы қыркүйек) 9,7%-ды құрады (2014 жылғы қыркүйекте бағаның өсуі жылдық көрсеткіш бойынша 1,8% құрады) (5-график).

5-график

Өнеркәсіп өнімін өндіруші кәсіпорындардың бағалары индексінің серпіні (өткен жылдың тиісті айына %-бен)



Дереккөзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

Өндірілген өнім бағасы жылдық көрсеткіш бойынша 9,9% өсті, бұл ретте аралық тұтыну өнімінің бағасы 10,1%-ға өсті, тұтыну тауарлары 9,1%-ға қымбаттады, өндіріс құралдарының бағасы 7,9%-ға өсті. Өндірістік сипаттағы қызметтер 7,7%-ға қымбаттады.

1.3.2. Ауыл шаруашылығындағы бағалар

2014 жылғы 3-тоқсанда барлық арналар бойынша өткізілген ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасы 3,6%-ға өсті (2013 жылғы 3-тоқсанда 3,5%-ға төмендеді). Ауыл шаруашылығындағы бағалар серпіні өсімдік шаруашылығындағы және мал шаруашылығы секторындағы бағалар өсуінің әсер етуімен қалыптасты.


Өткен тоқсанда бағалардың 6,3%-ға көтерілуімен салыстырғанда, 2014 жылғы шілде-қыркүйекте өсімдік шаруашылығы өнімінің бағасы 4,8%-ға өсті (2013 жылғы 3-тоқсанда 5,9% төмендеді). Өсімдік шаруашылығының құрамында дәнді дақылдардың бағасы 6,0% өсті, көкөністің бағасы 3,4% төмендеді, картофель бағасы 7,2% төмендеді.

Мал шаруашылығы өнімдері бағалары 2014 жылғы 2-тоқсанда 1,7% төмендегеннен кейін 2014 жылғы 3-тоқсанда 1,8%-ға өсті (2013 жылғы 3-тоқсанда 0,2% өсті). 2014 жылғы шілде-қыркүйекте мал және құс етінің бағасы 2,8%-ға, шикі сүттің бағасы 0,7%-ға өсті, жұмыртқа бағасы 1,9%-ға төмендеді.

2014 жылғы қыркүйектің қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығы өнімінің бағалары жылдық көрсеткіш бойынша 3,9%-ға көтерілді. Бұл ретте өсімдік шаруашылығының өнімі 2,2% қымбаттады, мал шаруашылығы өнімінің бағасы 5,2%-ға өсті (6-график).

6-график

Ауыл шаруашылығы өнімі бағасы индексінің серпіні (өткен жылғы тиісті айға %-бен)



Дереккөзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

1.3.3. Кәсіпорындар мониторингі

2014 жылғы 3-тоқсанда кәсіпорындардың дайын өніміне сұраныс жалпы алғанда экономиканың нақты секторы бойынша қарқыны біршама төмендей отырып өсу жағына қарай қалды, мұны сұраныстың өзгеруінің диффузиялық индексінің 51,5-ке дейін (2014 жылғы 2-тоқсандағы 51,8-дан) төмендеуі растайды. Көрсеткіштің төмендеуі өніміне сұраныс ұлғайған (2014 жылғы 2-тоқсандағы 23,2%-дан 21,5%-ға дейін) кәсіпорындар үлесінің азаюы себепші болды, бұл ретте өз өніміне сұраныстың аздап төмендеуін (2014 жылғы 2-тоқсандағы 19,7%-дан 18,6%-ға дейін) атап өткен кәсіпорындар үлесінің азаюы байқалады.

Сұраныстың анағұрлым төмендеуі «ақпарат және байланыс» және «өндеуші өнеркәсіп» сияқты салаларда байқалды: осы салалар бойынша диффузиялық индекс 2014 жылғы 2-тоқсандағы 57,1-ден және 54,4-тен тиісінше 52,4-ке және 52,2-ге дейін төмендеді. «Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу» салаларындағы неғұрлым нашар ахуал, олардағы сұраныс төмендеу жағына қарай өзгеріп отыр: олар бойынша диффузиялық индекс тиісінше 2014 жылғы 3-тоқсанда тиісінше 45,2 және 46,8 болды. «Тау-кен өнеркәсібі», «көлік және қоймаға сақтау» және «электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны кондиционирлеу» салаларында сұраныстың 2-тоқсанда байқалған төмендеуі басым болды, диффузиялық индекс 2014 жылғы 2-тоқсандағы 49,7-ден; 48,1-ден және 41,6-дан тиісінше 57,1-ге; 53-ке және 50-ге дейін көтерілді.

«Ауыл, орман және балық шаруашылығы» салаларында сұраныстың өсуі жалғасты: диффузиялық индекс тиісінше 53 және 61,3 болды.

Кәсіпорындардың күтуі бойынша 2014 жылғы 3-тоқсанмен салыстырғанда 2014 жылғы 4-тоқсанда жалпы нақты сектор бойынша дайын өнімге сұраныс аздап көтеріледі, бірақ әлсіз өсу жағында қалады: диффузиялық индекс 53,1-ді құрайды. Бұл ретте сұраныстың айтарлықтай ұлғаюы мынадай салаларда күтіледі: «электрмен жабдықтау, газ, бу беру ...» (3-тоқсандағы 50-ден 68,9-ға дейін), «ауыл, орман және

балық шаруашылығы» (3-тоқсандағы 61,3-тен 68,4-ке дейін), «көтерме және бөлшек сауда...» (3-тоқсандағы 45,2-ден 50,8-ге дейін), «тұру және тамақтану бойынша қызмет көрсету» (3-тоқсандағы 45,2-ден 50,8-ге дейін). «Сумен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтарды жинауды және таратуды бақылау» және «тау-кен өнеркәсібі» салаларында сұраныс өсуінің біршама бәсеңдеуі күтіледі (диффузиялық индекс (3-тоқсандағы 63,8-ден және 57,1-ден 53,4-ке және 52,5-ке дейін төмендеді). Сұраныс өсуінің жекелеген бәсеңдеуі мынадай салаларда күтіледі: «өндеуші өнеркәсіп» және құрылыс (диффузиялық индекс 3-тоқсандағы 52,2-ден және 53-тен тиісінше 50,9-ға және 50,9-ға дейін төмендеді).

Кәсіпорындардың дайын өнімінің бағасының өсуі жалпы алғанда нақты сектор бойынша 2014 жылғы 3-тоқсанда бәсеңдеді: дайын өнім бағасы өзгеруінің диффузиялық индексі 59,6 (2014 жылғы 2-тоқсанда – 62,9) болды. Бағалар өсуінің неғұрлым бәсеңдеуі мына салаларда болды: «көтерме және бөлшек сауда...» (диффузиялық индекс 2014 жылғы 2-тоқсандағы 69-дан 63,4-ке дейін төмендеді), «өндеуші өнеркәсіп» (диффузиялық индекс 2014 жылғы 2-тоқсандағы 62,9-дан 58,8-ге дейін төмендеді), және құрылыс (диффузиялық индекс 2014 жылғы 2-тоқсандағы 66,6-дан 62,7-ге дейін төмендеді). Бағалардың айтарлықтай төмендеуі «тау-кен өнеркәсібі» саласында болды (диффузиялық индекс 2014 жылғы 2-тоқсандағы 58,8-ден 49,7-ге дейін түсті).

Тұтынушылық өнім өндіруші кәсіпорындардың дайын өнімінің және қызметінің бағасының (бұдан әрі – тұтыну өнімі мен қызметтің бағасы) 2014 жылғы 3-тоқсанда өсуі бәсеңдеді: диффузиялық индекс 60,3-ді құрады (2013 жылғы 2-тоқсанда 61,8 болды).

2014 жылғы 3-тоқсанмен салыстырғанда 2014 жылғы 4-тоқсанда жалпы алғанда экономиканың нақты секторы бойынша дайын өнім бағасының өсуінің айтарлықтай бәсеңдеуі күтіледі (диффузиялық индекс 57,8 болды). Неғұрлым бәсеңдеу мынадай салаларда күтіледі: «электрмен жабдықтау, газ, бу беру ...» (диффузиялық индекс 55,5 болды), «көтерме және бөлшек сауда...» (59,8), «құрылыс» (60,2), «сумен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтарды жинауды және таратуды бақылау» (53,4), «өндеуші өнеркәсіп» (56,7). Бағалардың өсуі «тау-кен өнеркәсібі» саласында күтіледі: диффузиялық индекс 2014 жылғы 2-тоқсандағы 49,7-ден 52,8-ге дейін көтерілді.

2014 жылғы 4-тоқсанда тұтыну өнімінің және қызмет көрсету бағасы кәсіпорындардың күтулері бойынша қарқынның кейбір төмендеуімен қалыпты өсуі жалғасады: баға өзгерісінің диффузиялық индексі 58,1 (2014 жылғы 3-тоқсанда 60,3) болды.


2014 жылғы 3-тоқсанда шикізат пен материалдар бағасының өсуі бәсеңдеді: баға өзгерісінің диффузиялық индексі 76,7 (2014 жылғы 2-тоқсанда – 79,5) болды. Бағаның өсу қарқынының айтарлық бәсеңдеуі мынадай салаларда байқалды: «ақпарат және байланыс» (диффузиялық индекс 2014 жылғы 2-тоқсандағы 76,8-ден 70,2-ге дейін төмендеді), «өндеуші өнеркәсіп» (2014 жылғы 2-тоқсандағы 79,8-ден 75,5-ке дейін), «көтерме және бөлшек сауда...» (2014 жылғы 2-тоқсандағы 77,6-дан 73,7-ге дейін), «ауыл, орман және балық шаруашылығы» (2014 жылғы 2-тоқсандағы 86,1-ден 83,2-ге дейін).

Кәсіпорындардың күтулері бойынша, 2014 жылғы 4-тоқсанда шикізат пен материалдардың бағасының өсуі жалғасады, қарқыны едәуір төмендейді (диффузиялық индекс 70,2 болды).

Осылайша, тиісті диффузиялық индекстер серпіні негізінде кәсіпорындардың бағалары бойынша 2014 жылғы 4-тоқсанда дайын өнімге сұраныстың өсуі және шикізат пен материалдар бағасының өсу қарқынының бәсеңдеуі күтіледі (7-график).

7-график

Сұраныс пен баға өзгерісінің диффузиялық индекстері



Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2. Инфляция факторалары

2.1. Жиынтық сұраныс

2014 жылғы 2-тоқсанда ІЖӨ түпкілікті пайдалану әдісімен, 2013 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда, бағалау бойынша нақты көрсеткішпен 3,6%-ға ұлғайды (2013 жылғы 2-тоқсанда өсім бағалау бойынша 5,0%-ды, 2014 жылғы 1-тоқсандағы өсім 4,0%-ды құрады).

ІЖӨ-нің 2014 жылғы 2-тоқсандағы өсуі мемлекеттік басқару органдарының ағымдағы тұтыну шығыстардың ұлғаюы және таза экспорттың төмендеуімен жалпы жинақ көлемінің өткен кезеңдегі деңгейде сақталуы себепші болған түпкілікті тұтыну шығыстары өсуінің әсер етумен қалыптасты.


Жалпы алғанда, бағалау бойынша, 2013 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда түпкілікті тұтыну шығыстары 2014 жылғы 2-тоқсанда 1,0%-ға өсті (2013 жылғы 1-тоқсанда 1,7%-ға өсу), жалпы жинақ 4,7%-ға ұлғайды (1,4%-ға төмендеуі) ұлғайды, ал таза экспорт 68,9%-ға өсті (23,6%-ға өсті).

Нәтижесінде үй шаруашылықтарының және мемлекеттік басқару органдарының тұтынуына жұмсалған шығыстар тиісінше, ІЖӨ-нің өсуіне (-)4,4% және (+)1,3% мөлшерінде қалыптасуына оң үлес қосты, жалпы жинақ ІЖӨ-ні (+)1,0%-ға ұлғайды.

Бұл ретте жалпы жинақ құрамында негізгі капиталды жинақтау үлесіне (+)1,3%, ал материалдық айналым қаражаты қорларының өзгеруіне (-)0,2% тиесілі. Өз кезегінде, таза экспорт ІЖӨ-нің (+)3,0% мөлшерде өсуіне оң әсерін тигізді (8-график).

8-график

Жиынтық сұраныстың құрамдас бөліктерінің ІЖӨ-нің өсуіне үлесі, %



Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Статистика агенттігі комитетінің деректері, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептері

2.1.1. Жеке тұтыну және инвестициялық сұраныс

2014 жылғы 2-тоқсанда үй шаруашылықтарының түпкілікті тұтынуына жұмсалған шығыстар 2013 жылғы тиісті кезеңімен салыстырғанда 6,5%-ға ұлғайды (2014 жылғы 1-тоқсанда 0,8% өсті).


Ақша кірісінің жан басына шаққандағы өсу қарқыны номиналдық көрсеткішпен 2014 жылғы 2-тоқсанда 11,9%-ға дейін жеделдеді (2014 жылғы 1-тоқсанда 9,3%-ға

өсті), ал нақты көрсеткішпен 4,8% дейін бәсеңдеді (3,7% өсті). Бұл ретте халық табысы өсуінің бәсеңдеуі бөлшек тауар айналымына теріс әсер етті, оның өсу қарқыны 2014 жылғы 1-тоқсанмен салыстырғанда 13,5%-ға дейін жедел өсті (2014 жылғы 1-тоқсанда 9,7%-ға өсті).

Бөлшек тауар айналымының өсу қарқынының жеделдеуі түпкілікті пайдалану әдісімен ЖІӨ-нің негізгі құрамдас бөліктерінің біріне, атап айтқанда, үй шаруашылықтарын түпкілікті тұтыну шығыстарының 6,5%-ға өсуіне айтарлықтай әсер еткен жоқ, ал осыдан бір тоқсан бұрын осы құрамдас бөліктің өсуі 0,8% болды (9-график).

9-график

Халықтың шығыстары мен кірістерінің серпіні (өткен жылғы тиісті кезеңге %)




Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Статистика агенттігі комитетінің деректері, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептері

Халықтың кірісінің және бөлшек тауар айналымының өсу қарқыны жедел өсті, алайда үй шаруашылықтарының түпкілікті тұтынуына арналған шығыстар төмендеді, бұл жекелеген қызмет көрсету түрлерін іске асырудың төмендеуіне себепші болды.

Кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігінің ұлғаюы 2014 жылғы 2-тоқсанда негізгі капиталға инвестициялардың 6,8%-ға дейін жедел өсуіне (2014 жылғы 1-тоқсанда 1,9%-ға өсті) себепші болды. Бұл ретте негізгі капиталдың жалпы жинағының ұлғаюы жеделдеді және тиісті тоқсанға қатысты өсу қарқыны 10,6%-ға дейін ұлғайды (0,3%-ға өсті) (10-график).

10-график

Негізгі капиталға инвестициялардың шығыстар серпіні (өткен жылдың тиісті кезеңіне %)



Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Статистика агенттігі комитетінің деректері, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептері

2.1.2. Мемлекеттік тұтыну

2014 жылғы 2-тоқсанда мемлекеттік басқару органдарының түпкілікті тұтынуына арналған шығыстар 2013 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 17,4%-ға көтерілді (2014 жылғы 1-тоқсанда 4,5%-ға өсті).

Жалпы алғанда, 2014 жылғы 2-тоқсанда мемлекеттік бюджеттің шығыстары 2278,0 млрд. теңге сомаға немесе ІЖӨ-ге шаққанда 27,9%-ға қаржыландырылды (2013 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда 26,6%-ға ұлғайды).

Мемлекеттік бюджеттің ағымдағы шығындары 3,0 трлн. теңге болды, бұл 2013 жылғы 2-тоқсанға қарағанда 16,8%-ға көп. Ағымдағы шығындар құрамында 2013 жылғы осындай тоқсанмен салыстырғанда заң тұлғаларға ағымдағы трансферттердің (1,4 есе), қызметтер мен жұмыстарды сатып алу шығындарының (29,6%), жеке тұлғаларға ағымдағы трансферттердің (14,7%), ішкі қарыздар бойынша сыйақылар төлеудің (14,1%), басқа ағымдағы шығындардың (6,4%), жұмыс берушілердің жарналарының (6,3%) және жалақының (5,5%) айтарлықтай ұлғаюын көрсетті. Бұл ретте сыртқы қарыздар бойынша сыйақы төлеу (2,2%) қысқарды.

Мемлекеттік бюджеттің күрделі шығындары 2014 жылғы 2-тоқсанда 2013 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда негізінен, негізгі құрал-жабдықтарды дамытуға, күрделі жөндеуге, негізгі құрал-жабдықтарды, материалдық емес және биологиялық активтерді сатып алуға бағытталған күрделі жөндеу шығыстарының ұлғаюы есебінен 21,1%-ға ұлғайды.

Бюджеттік кредиттер 2013 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда 2014 жылғы 2-тоқсанда 10,5%-ға ұлғайды, қаржы активтерін сатып алу шығыстары 3,0 есе ұлғайды.

2014 жылғы 2-тоқсанда мемлекеттік бюджеттің түсімдері 2021,0 млрд. теңге немесе ЖІӨ-нің шаққанда 24,8%-ын құрады, бұл 2013 жылғы 2-тоқсанға қарағанда 22,2%-ға көп. Мемлекеттік бюджет кірістерінің құрылымында екі бап бұрынғысынша басым түр: салық түсімдері – 60,2% (2013 жылғы 2-тоқсанда – 70,5%), ресми трансферттер – 36,4% (26,5%). Ресми трансферттердің жоғары үлесі республикалық


бюджетке Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан кепілдік берілген трансферттердің 734,5 млрд. теңге мөлшерінде түсуімен қамтамасыз етілді. Тұтастай алғанда, 2014 жылғы 2-тоқсанда салық түсімдерінен түскен кірістің көрсеткіштері 2013 жылғы 1-тоқсанмен салыстырғанда 4,9%-ға ұлғайды. Өсу акциздер бойынша, жеке табыс салығы бойынша, әлеуметтік салық бойынша түсімдердің өсуімен қамтамасыз етілді, қосылған құн салығы бойынша түсімдер 36,9%-ға төмендеді.

2014 жылғы 2-тоқсанда 2013 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда салықтық емес түсімдер негізінен, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатуынан түскен түсімдерден, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуларды жүргізуден түскен ақша түсімдерінен, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салған айыппұлдардан, өсімпұлдардан, санкциялардан, өндіріп алудан кірістердің өсуі есебінен 34,9%-ға ұлғайды.

2014 жылғы 2-тоқсанда трансферттердің түсуі 2013 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда 68,9%-ға көтерілді, негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер сондай-ақ 42,9%-ға ұлғайды.

2014 жылғы 2-тоқсанда кірістердің шығыстардан асып түсу нәтижесінде мемлекеттік бюджет 257,0 млрд. теңге тапшылықпен қалыптасты (ІЖӨ-ге шаққанда 3,2%), 2013 жылғы 2-тоқсанда тапшылық 145,2 млрд. теңге (ІЖӨ-ге шаққанда 2,0%) мөлшерінде болды (11-график). Ұлттық қордан республикалық бюджетке 734,5 млрд. теңге мөлшерінде аударылған кепілдік берілген трансферттерді қоспағанда, 2014 жылғы 2-тоқсанның 991,5 млрд. теңге мөлшеріндегі мұнайға жатпайтын дефицитпен аяқталуы мүмкін екенін атап өткен жөн.

11-график

Мемлекеттік бюджеттің орындалуы, ІЖӨ-ге шаққанда %-бен

Дереккөзі: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептері

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 2014 жылғы 2-тоқсан ішінде мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар шығару арқылы 259,0 млрд. теңге мөлшерінде қарыз қаражатын тартты. Осы кезеңде сондай-ақ бұдан бұрын шығарылған бағалы қағаздар бойынша борыштық міндеттемелер 67,7 млрд. теңге сомасына өтелді.

Нәтижесінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің Ұлттық Банктегі шотындағы қалдық 65,7 млрд. теңгеге төмендеді.


2014 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша үкіметтік ішкі борыш 3895,1 млрд. теңге (ІЖӨ-ге шаққанда 10,6%) болды, бұл 2013 жылғы 1 шілдедегі осындай көрсеткішпен салыстырғанда 26,2%-ға көп (ІЖӨ-ге шаққанда 9,7%). Осу мемлекеттік ұзақмерзімді жинақтаушы қазынашылық міндеттемелерді (МЕУЖКАМ), мемлекеттік қысқамерзімді қазынашылық міндеттемелерді (МЕККАМ), мемлекеттік ұзақмерзімді қазынашылық міндеттемелерді (МЕУКАМ) және мемлекеттік орташамерзімді қазынашылық міндеттемелерді (МЕОКАМ) шығарумен қамтамасыз етілді.

Үкіметтің сыртқы борышы 2014 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 2013 жылғы 1 шілдедегі көлемімен (ІЖӨ-ге шаққанда 2,2%) салыстырғанда 27,6%-ға ұлғайып, 911,9 млрд. теңге (ІЖӨ-ге шаққанда 2,5%) болды.

Мемлекеттік бюджет дефицитінің төмендеу үрдісі байқалды. 2014 жылғы 2-тоқсанда дефицит жылдық көрсеткіш бойынша ІЖӨ-нің (-)2,1% (2013 жылы – дефицит ІЖӨ-нің (-)2,0%) болды (12-график).

12-график

Мемлекеттік бюджеттің орындалуы, жылдық көрсетуде ІЖӨ-ге шаққанда



Дереккөзі: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептері

* – 2013 жылғы 3-тоқсан - 2014 жылғы 2-тоқсан аралығындағы кезең үшін

2.1.3. Сыртқы сектор

– Әлемдік бағалар


2014 жылғы 2-тоқсанда әлемдік тауар нарықтарындағы ахуал түрлі бағыттағы үрдістермен сипатталды.

2014 жылғы 2-тоқсанда мыстың бағасы 3,3%-ға төмендеді және осы кезеңде орташа алғанда бір тонна үшін 6795,3 АҚШ долл. деңгейінде қалыптасты. Алюминийдің бағасы 2014 жылғы 2-тоқсанда 5,3%-ға өсті және бір тонна үшін 1800,3 АҚШ долл. болды. Қорғасынның әлемдік бағасы 2014 жылғы сәуір-маусымда 0,2%-ға төмендеді, осы кезеңде орташа алғанда бір килограмм үшін 209,7 цент болды.

Мырыштың бағасы кезең үшін орташа бағамен бір килограмм үшін 207,1 цент болғанда 2,2%-ға өсті (13-график).

13-график

Металдардың әлемдік бағасының серіні




Дереккөзі: Дүниежүзілік Банк

2014 жылғы 2-тоқсанда Brent сұрыпты мұнайдың әлемдік бағасы 1,8%-ға өсті, және орташа алғанда, кезеңде бір баррель үшін 109,8 АҚШ долл. деңгейінде қалыптасты (14-график).

Бидайдың әлемдік бағасы 2014 жыл бойы өскеннен кейін маусымда аздап төмендеді. Тұтастай алғанда, 2014 жылғы 2-тоқсанда бидайдың әлемдік бағасы (АҚШ) өткен кезеңмен салыстырғанда 8,4%-ға өсті, орташа алғанда бір тонна үшін 322,0 АҚШ долл. деңгейінде қалыптасты (14-график).

14-график

Мұнайдың (Брент), бидайдың (АҚШ) әлемдік бағасының серпіні




Дереккөзі: Дүниежүзілік Банк

– Төлем балансы

2014 жылғы 2-тоқсанның қорытындылары бойынша төлем балансының ағымдағы шоты 391,0 млн. АҚШ долл. немесе тиісті кезеңдегі ІЖӨ-ге қатысты 0,9% оң сальдомен қалыптасты (15-график).

15-график

Ағымдағы операциялар шотының балансы, млн. АҚШ долл.



Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Тауарлар экспортынан түсімдер 2014 жылғы 2-тоқсанда 2013 жылғы 2-тоқсанның осындай көрсеткішімен салыстырғанда 19,4 млрд. АҚШ долларына дейін 12,8%-ға азайды, тауар импортына жұмсалған шығыстар 2013 жылғы 2-тоқсанмен

салыстырғанда 18,9%-ға төмендеп, 10,9 млрд. АҚШ долларын құрады. Сауда балансының оң сальдосы 3,3%-ға азайып және 8,5 млрд. АҚШ долларын құрады. 2014 жылғы 2-тоқсанда қызмет көрсету балансының тапшылығы 2013 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда 1,6 млрд. АҚШ долл. дейін 0,9%-ға өсті, бастапқы кірістер балансының тапшылығы (еңбекақы төлеу, инвестициялық және басқа да бастапқы кірістер) 6,3%-ға ұлғайып, 6,0 млрд. АҚШ долл. болды. Қайталама кірістер операциялары бойынша резидент еместерге нетто-төлемдер (ағымдағы трансферттер) 446,5 млн. АҚШ долларын құрады.

Қаржы шотының сальдосы (резервтік активтерді есептемегенде) 2014 жылғы 2-тоқсанда 1,4 млрд. АҚШ долл. мөлшерінде теріс болып қалыптасты (2013 жылғы

2-тоқсанда 1,9 млрд. АҚШ долл. теріс сальдо). Резиденттердің шетелдік активтерінің (резервтік активтерді қоспағанда) таза сатып алуы 3,9 млрд. АҚШ долл. (2013 жылғы тиісті кезеңінде 5,4 млрд. АҚШ долл.) болды. Міндеттемелерді таза қабылдау (өсім) 5,3 млрд. АҚШ долл. болып қалыптасты (2013 жылғы 2-тоқсанда 7,3 млрд. АҚШ долл.).

Нәтижесінде 2014 жылғы 2-тоқсанның қорытындылары бойынша төлем балансы 472,7 млн. АҚШ долл. оң сальдомен қалыптасты (2013 жылғы 2-тоқсанда – оң сальдо 574,1 млн. АҚШ долл.).

– Сауда талаптары және нақты тиімді айырбастау бағамы

2014 жылғы 2-тоқсанда сауда талаптарының жиынтық индексі 2013 жылғы 1-тоқсанның тиісті көрсеткішімен салыстырғанда 6%-ға төмен болды. Бұл ретте еуро аймағындағы елдермен сауда талаптарының индексі 3%-ға қысқарды, ал Ресеймен – 4%-ға өсті (1-кесте).

1-кесте

Баға индекстерінің және сауда талаптарының өзгеруі (өткен жылғы тиісті кезеңге, %-бен)

	2-тоқ.13	3-тоқ.13	4-тоқ.13	1-тоқ.14	2-тоқ.14
Экспорттық бағалар	-7	-6	-3	-5	-5
Импорттық бағалар	-12	-4	-10	7	1
Сауда талаптары	5	-2	8	-11	-6
оның ішінде:					
Еуро аймақ елдері					
Экспорттық бағалар	-4	-2	1	-1	-6
Импорттық бағалар	0	-1	-6	70	-4
Сауда талаптары	-4	-2	8	-42	-3
Ресей					
Экспорттық бағалар	-10	-11	-10	-13	-7
Импорттық бағалар	-4	-5	-9	-4	-11
Сауда талаптары	-6	-7	-1	-9	4


Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2014 жылғы 2-тоқсанның қорытындылары бойынша өткен кезеңмен салыстырғанда теңгенің нақты тиімді айырбастау бағамының индексі 5,5%-ға әлсіреді. ТМД елдерінің валюталар қоржынына қатысты теңге 4,1%-ға, қалған елдердің валюталар қоржынына қатысты 5,7%-ға әлсіреді.

2014 жылғы 2-тоқсанда теңге нақты көрсеткіш бойынша өткен кезеңмен салыстырғанда АҚШ долларына қатысты 6,1%-ға әлсіреді, еуроға қатысты 5,9%-ға әлсіреді, Ресей рубліне қатысты 7,4%-ға әлсіреді (16-график).

16-график

Теңгенің нақты айырбастау бағамдарының индекстері (2000 жылғы желтоқсан = 100%)



Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

– Теңгенің номиналдық ауырбастау бағамы

Теңгенің орташа алынған биржалық айырбастау бағамы 2014 жылғы 3-тоқсанда бір доллар үшін 182,50 теңге құрады. Биржалық бағам кезеңнің соңында бір АҚШ доллары үшін 181,90 теңге болды. Жыл басынан бері теңге номиналды көрсеткіш бойынша АҚШ долларына қарағанда 18,1%-ға әлсіреді (17-график).

17-график

Теңгенің АҚШ долларына шаққандағы номиналдық айырбастау бағамының серпіні



Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2014 жылғы қыркүйекте Ұлттық Банк теңгенің АҚШ долларына қатысты теңгенің айырбастау бағамының ауытқу дәлізін ағымдағы 185 +/- 3 теңгеден 185 +3/-15 теңгеге дейін кеңейту туралы шешім қабылдады.


2014 жылғы шілдеде, тамызда және қыркүйекте АҚШ долларына қатысты теңгенің айырбастау бағамы тиісінше 0,1%-ға, 0,7%-ға және 0,1%-ға нығайды.

Ішкі валюта нарығындағы биржалық сегментінде еуромен және ресей рублімен жасалған мәмілелердің көлемі шамалы болғандықтан осы валюталарға қатысты теңгенің бағамы АҚШ долларына қатысты кросс-бағамы негізінде есептеледі. Тиісінше, еуроға және ресей рубліне қатысты теңге бағамының серпіні АҚШ долларына қатысты теңге бағамының серпінімен, халықаралық қаржы нарығындағы бірыңғай Еуропа валютасының жағдайымен және Ресей Орталық банкінің валюталар қоржынына қатысты ресей рублінің айырбастау бағамымен айқындалды.

Жалпы алғанда 2014 жылғы 3-тоқсанда АҚШ долларына қатысты теңгенің ресми бағамы 0,9%-ға, еуроға қатысты -7,7%-ға, ресей рубліне қатысты -15,6%-ға нығайды (18-график).

18-график

Тенгенің еуроға және ресей рубліне шаққандағы ресми бағамының серпіні




Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2.2. Өндіріс

2014 жылғы 2-тоқсанда ІЖӨ өндірісінің көлемі ағымдағы бағамен 8152,0 млрд. теңге болды. Экономиканың барлық негізгі салаларында өндірістің өсуінің жағымды ықпалының әсерінен ІЖӨ 2013 жылғы 2-тоқсанға қатысты нақты көрсетуде (2005 жылғы бағамен), бағалау бойынша, 3,9%-ға ұлғайды (19-график).

19-график

Нақты ЖІӨ-нің өсуіне экономиканың негізгі салаларының үлесі (өткен жылғы тиісті кезеңге %-бен)



Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің деректері, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептері

Тауарлар өндірісі. Тауарлар өндірісі сегментінде ауылшаруашылығының және құрылыстың өсуі байқалды, мұнда өнеркәсіп төмендеуді көрсетті. Бағалау бойынша, 2014 жылғы 2-тоқсанда құрылыстың көлемі 4,5%-ға көтерілді (2014 жылғы 1-тоқсанда – 3,9%-ға өсті), ауылшаруашылығы – 2,9%-ға өсті (3,5%-ға өсу), өнеркәсіп өндірісінің көлемі 0,5%-ға (1,1%-ға төмендеу) төмендеді. Нәтижесінде, тауарлар өндірісінің сегменті ІЖӨ қалыптастыруға (+)0,4% мөлшерде оң үлесін қосты.

Қызмет көрсету өндірісі. Қызмет көрсету өндірісі сегментінде ішкі жалпы өнімнің осы құрамдас бөлігіне кіретін барлық негізгі салалары іс жүзінде өскенін көрсетті. Нәтижесінде, қызмет өндірісі секторына кіретін салалар жиынтықта ІЖӨ-нің өсуіне (+)3,0% мөлшерінде оң үлес қосуға себепші болды.

Өнімге және импортқа таза салықтар. Өнімге және импортқа таза салықтар көлемінің 10,4%-ға ұлғаюы ІЖӨ-нің (+)0,5% мөлшерінде өсуін қалыптастыруға (2014 жылғы 1-тоқсанда үлесі (+)0,8% мөлшерінде) оң әсер етті.

Осылайша, 2014 жылғы 2-тоқсанда ІЖӨ өсуінің негізгі қозғауыш күші (2014 жылғы 1-тоқсандағыдай) қызмет көрсету өндірісі секторы болып табылды.

2.3. Еңбек нарығы

2.3.1. Еңбекпен қамту және жұмыссыздық

2014 жылғы 3-тоқсанда экономикада жұмыспен қамтылғандар саны бастапқы деректер бойынша 2014 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда 0,3%-ға ұлғайып, 8,7 млн. адам болды (2013 жылғы 3-тоқсанға қарағанда өсу 0,8% болды). Бұл ретте жалдамалы қызметкерлердің саны 2014 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда 0,6%-ға ұлғайып, 6,1 млн. адам болды, өздігінен жұмыспен қамтылғандар 2,6 млн. адам (төмендеуі – 0,2%) болды.


Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардағы жалдамалы қызметкерлердің құрылымында 5,0 млн. адам (жалданып жұмыс істейтіндердің барлығының 83,1%-ы),

жеке тұлғаларда – 0,7 млн. адам (11,9%), шаруа (фермер) қожалықтарында – 0,3 млн. адам (5,0%) жұмыс істеді.

2014 жылғы 3-тоқсанда жұмыссыздар саны 458,1 мың адам болды, бұл алдыңғы кезеңмен салыстырғанда 0,6%-ға аз және 2013 жылғы 3-тоқсандағыдан 2,2%-ға аз (20-график).

20-график

Экономикалық белсенді халықтың құрылымы, млн. адам



Дереккөзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

2014 жылғы шілде, тамыз және қыркүйекте ірі және орташа кәсіпорындарда жұмыс істейтін жалдамалы қызметкерлер құрамында мынадай салалық құрылымдық өзгерістер байқалды.


2013 жылғы тиісті айлармен салыстырғанда жұмыспен қамтудың өсуін қамтамасыз ететін негізгі салалар мыналар болды: сауда; әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет; тұру және тамақтану бойынша қызмет; құрылыс; өнер; ойын-сауық және демалыс.

Жұмыспен қамтылғандар санының азаюы мынадай: ауыл, орман және балық шаруашылығы; өнеркәсіп; ақпарат және байланыс; жылжымайтын мүлікпен операциялар салаларында байқалды.

Бұл ретте бір саладағы жұмыспен қамтылғандардың саны азаюы олардың басқа салалардағы өсуімен толық өтелді. Нәтижесінде, жұмыссыздық деңгейі 2014 жылғы 3-тоқсанда 5,0% болды және 2013 жылғы 3-тоқсанмен салыстырғанда 0,2 пайыздық тармаққа төмендеді (21-график).

21-график

Нақты жұмыссыздық деңгейі, %



Дереккөзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

2.3.2. Жалақы және өнімділік

2014 жылғы 2-тоқсанда орташа айлық жалақы өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда номиналдық көрсеткіш бойынша 12,6%-ға (2014 жылғы 1-тоқсанда – 7,5% өсті), ал нақты көрсеткіш бойынша 5,8%-ға (өсуі – 1,9%) ұлғайды.

Алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда номиналдық жалақы 11,0%-ға, ал нақты жалақы 8,7%-ға өсті.

2014 жылғы маусымда 2013 жылғы маусыммен салыстырғанда номиналды көрсеткіш бойынша жалақы барлық негізгі экономикалық қызмет түрлері бойынша өсті. Мына салалар бойынша көрсеткіштер: ақпарат және байланыс – 27,8%-ға; тау кен өндіру өнеркәсібі – 23,1%-ға; көлік және қоймаға жинау – 22,5%-ға; өнеркәсіп – 18,9%-ға; құрылыс – 18,2%-ға; электрмен қамтамасыз ету, газ, пар беру және ауа желдету – 17,4%-ға; өңдеу өнеркәсібі – 15,5%-ға; сумен қамтамасыз ету; кәріс жүйесі, қалдықты жинауды және бөлуді бақылау – 15,5%-ға ең жоғары деңгейде өсті.


2014 жылғы маусымда жалақының ең жоғары мөлшері ақшалай көрсетуде «тау кен өндіру өнеркәсібі және кен шығаратын орынды игеру» (243,3 мың теңге), сондай-ақ «кәсіптік, ғылыми және техникалық қызметте» (224,0 мың теңге), ең төмені – «ауыл шаруашылық, орман және балық шаруашылығы» (69,2 мың теңге) қалыптасты.

2014 жылғы 2-тоқсанда қызметкерлердің нақты көрсеткіш бойынша жалақысы өткен жылдың тиісті кезеңіне қарағанда 5,8%-ға өсті, бұл алдыңғы үш кезеңде қалыптасқан өсу қарқынынан жоғары (2013 жылғы 3-тоқсанда – 0,6%-ға өсті, 2013 жылғы 4-тоқсанда – 2,3%-ға өсті, 2014 жылғы 1-тоқсанда – 1,9%-ға өсті).

2014 жылғы 2-тоқсандағы экономикада жұмыспен қамтылған адамдардың өсу қарқынының үдеу кезінде жалақының өсу қарқынының үдеуі еңбек өнімділігі индексінің өсіміне ықпал етті (Ұлттық Банктің бағалауы бойынша), ол өткен тоқсанның деңгейіне қатысты 2,9%-ға дейін төмендеді (3,3%) (22-график).

22-график

**Еңбек өнімділігінің және нақты жалақының серпіні
(өткен жылғы тиісті кезеңге %-бен)**



Дереккөзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің деректері, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептері


3. Ақша ұсынысы

3.1. Ақша агрегаттары

2014 жылғы 3-тоқсанда ақша базасының және тар ақша базасының жылдық кеңею қарқыны, сондай-ақ ақша массасының жылдық өсу қарқыны жоғары болды, ал айналыстағы қолма-қол ақшаның жылдық өсу қарқыны теріс болып қалыптасты (23-график).

23-график

Ақша агрегаттарының серпіні (алдыңғы жылдың тиісті айына %-бен)



Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

3.1.1. Ақша массасы

2014 жылғы 3-тоқсанда ақша базасы 1,0%-ға кеңейіп, 2014 жылғы қыркүйектің соңында 3753,1 млрд. теңге болды. Тар ақша базасы 3574,9 млрд. теңгеге дейін 1,4%-ға кеңейді.

2013 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 2014 жылғы қыркүйекте ақша базасы 34,9%-ға кеңейді.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 2014 жылғы қыркүйекте 2013 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 27,1 млрд. АҚШ долларына дейін 14,8%-ға ұлғайды, олардың ішінде таза валюталық қорлар (ЕАВ) қаралып отырған кезеңде 12,5%-ға өсті, алтындағы активтер 21,6%-ға өсті.

2013 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 2014 жылғы қыркүйекте Ұлттық қорды қоспағанда, Ұлттық Банктің таза ішкі активтері азайды (2-кесте).

2-кесте

**Ұлттық Банктің активтері мен пассивтерінің өзгеру серпіні
(өткен жылдың тиісті кезеңіне %-бен)**

	4-тоқ.13	1-тоқ.14	2-тоқ.14	3-тоқ.14
Таза халықаралық резервтер	-12,9	-7,0	0,3	14,8
Таза ішкі активтер	114,6	-977,1	-229,2	-78,5
Үкіметке таза талаптар	47,6	10,3	-4,3	69,8
Экономикаға талаптар	28,1	58,8	32,9	9,1
Басқа да таза ішкі активтер	20,9	-52,4	-115,5	-61,6
Ақша базасы	-2,2	11,9	20,1	34,9
Тар ақша базасы	-1,6	19,2	15,6	29,9

Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

3.1.2. Ақша массасы

2014 жылғы 3-тоқсанда ақша массасы 13466,8 млрд. теңгеге дейін 0,4%-ға өсті.

2013 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 2014 жылғы қыркүйекте оның өсімі 16,5% болды (3-кесте).

3-кесте

**Ақша массасының өзгеру серпіні
(алдыңғы жылдың тиісті кезеңіне %-бен)**

	4-тоқ.13	1-тоқ.14	2-тоқ.14	3-тоқ.14
Таза сыртқы активтер	11,0	30,7	30,8	29,8
Ішкі активтер	12,8	-4,0	-9,1	6,0
Үкіметке талаптар	22,9	-10,7	-19,9	78,8
Экономикаға талаптар	12,7	19,4	15,5	11,7
Басқа да таза ішкі активтер	-14,6	-32,2	-30,6	-19,2
Ақша массасы	10,2	15,5	15,8	16,5
Айналыстағы қолма-қол ақша	-1,0	-7,6	-4,7	-5,8
Резиденттердің депозиттері	12,1	18,9	18,9	19,7

Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Банк жүйесінің таза сыртқы активтерінің құрылымында 2013 жылғы тиісті айымен салыстырғанда 2014 жылғы қыркүйекте екінші деңгейдегі банктердің таза сыртқы активтері өсті. Банктердің таза сыртқы активтерінің өсімі, көбінесе, резидент еместерге талаптардың өсуіне байланысты болды.

Қаралып отырған кезеңде ақша массасының негізгі құрауыштарының құрылымында айналыстағы қолма-қол ақшаның қысқаруы аясында депозиттердің өсімі тіркелді. Нәтижесінде, ақша массасы құрылымындағы резиденттер депозиттерінің үлесі 2013 жылғы қыркүйектегі 87,4%-дан 2014 жылғы қыркүйектің қорытындысы бойынша 89,2%-ға дейін өсті.

Ақша мультипликаторы ақша базасының өсімі қарқынымен салыстырғанда ақша массасы кеңеюінің асып түсу қарқыны нәтижесінде 2013 жылғы қыркүйектегі 4,15-тен 2014 жылғы қыркүйекте 3,59-ға дейін төмендеді. Сонымен қатар, қаралып отырған кезеңде резервтеу коэффициентінің ұлғаюы аясында қолма-қол ақшаға басымдық беру коэффициентінің төмендеуі байқалды (24-график).

24-график

Ақша мультипликаторының және оның құраушыларының серпіні



Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

3.1.3. Айналыстағы қолма-қол ақша

Айналыстағы қолма-қол ақша көлемі 2014 жылғы 3-тоқсанда 1369,3 млрд. теңгеге дейін 5,7%-ға қысқарды.

2013 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 2014 жылғы қыркүйекте айналыстағы қолма-қол ақша 5,8%-ға азайды. Сонымен бірге, банктердің кассаларынан қолма-қол ақшаны беру 1,8 трлн. теңгеге дейін 12,1%-ға, банктердің кассаларына ақшаның түсімі 1,8 трлн. теңгеге дейін 12,2%-ға азайды.

2013 жылғы тиісті айымен салыстырғанда 2014 жылғы қыркүйекте қолма-қол ақшаның төмендеуі біржолғы ақша аударымдары (шотты ашпай) бойынша, сондай-ақ тауарларды, қызметтерді және орындалған жұмыстарды сатудан түскен нетто-түсімдердің өсуіне байланысты болды. Бұл ретте аталған факторлардың ықпалы еңбекақы төлеу, зейнетақылар мен әлеуметтік жәрдемақыларды беру, халық өзінің табысын ақшалайтын банкоматтарды күшейту үшін нетто-берулердің ұлғаюымен бейтараптандырылған жоқ.

3.2. Қаржы нарығы

3.2.1. Резиденттердің депозиттері

Резиденттердің депозиттері 2014 жылғы 3-тоқсанда 1,2%-ға өсіп, 2014 жылғы қыркүйектің соңында 12097,5 млрд. теңгені құрады. Заңды тұлғалардың депозиттері 1,5%-ға өсті, жеке тұлғалардың депозиттері 0,5%-ға ұлғайды.

Депозиттер құрамындағы мерзімді депозиттердің көлемі (ХВҚ жіктелімі бойынша – «басқа депозиттер»¹) 2014 жылғы 3-тоқсанда 5,6%-ға артып, 2014 жылғы қыркүйектің соңында 8229,6 млрд. теңге болды. Ұлттық валютадағы мерзімді депозиттер 4312,1 млрд. теңгеге дейін 4,8%-ға ұлғайды, ал шетел валютасындағы

¹ Басқа депозиттер – белгілі бір уақыт кезеңі өткеннен кейін ғана алынуы мүмкін немесе қарапайым коммерциялық операцияларда қолдану үшін барынша ыңғайсыз және негізінен, жинақтау тетіктеріне қойылатын талаптарға жауап беретін әртүрлі шектеулерге ие жинақтық және мерзімді депозиттер.

мерзімді депозиттер 3917,4 млрд. теңгеге дейін 6,6%-ға төмендеді. Депозиттік базаның жалпы көлеміндегі мерзімді депозиттердің үлес салмағы тоқсан ішінде 65,1%-дан 68,0%-ға дейін төмендеді.

2014 жылғы 3-тоқсанда депозиттік базаның жай-күйі заңды және жеке тұлғалардың валюталық жинақ ақшаларының тиісінше 3,1%-ға және 3,6%-ға ұлғаюына байланысты шетел валютасындағы депозиттердің өсуімен сипатталды. Нәтижесінде 2014 жылғы 3-тоқсанда шетел валютасындағы депозиттердің көлемі 3,3%-ға өсіп, 5515,1 млрд. теңге құрады, ал ұлттық валютадағы депозиттер 0,6%-ға төмендеп, 6582,4 млрд. теңгеге дейін жетті.

Заңды тұлғалардың теңгедегі жинақтары көлемінің 2014 жылғы қыркүйекте 4,1%-ға ұлғаюы, 2014 жылғы шілде мен тамыздағы шамалы төмендеуіне (тиісінше 0,1% және 0,9%) қарамастан, депозит нарығының долларлану дәрежесінің төмендеуіне және ұлттық валютадағы депозиттердің үлес салмағының 2014 жылғы маусымдағы 55,4%-дан 2014 жылғы қыркүйектегі 54,4%-ға дейін ұлғаюына әкелді.

Осылайша, 2014 жылғы 3-тоқсанда заңды тұлғалардың шоттарына ұлттық валютаның әкелінуі банктердің ресурстық базасы ұлғаюының негізгі көзі болып табылды. Бұл ретте заңды тұлғалардың теңгемен депозиттерінің өсуі оң серпінді көрсетті, ол шілдедегі 1,2%-ға төмендеуге қарамастан 2014 жылғы тамызда және қыркүйекте тиісінше 0,8% және 0,9% болды (4-кесте).

4-кесте

**Резиденттер депозиттерінің өзгеру серпіні
(алдыңғы жылғы желтоқсанға %-бен)**

	қыркүйек 2011	қыркүйек 2012	қыркүйек 2013	қыркүйек 2014
Резиденттердің депозиттері	4,8	0,9	0,5	1,2
<i>жеке тұлғалардың</i>	<i>5,4</i>	<i>4,1</i>	<i>3,0</i>	<i>0,5</i>
<i>банктік емес заңды тұлғалардың</i>	<i>4,6</i>	<i>-0,8</i>	<i>-0,9</i>	<i>1,5</i>
Теңгемен депозиттер	1,7	1,3	-4,1	-0,6
Шетел валютасымен депозиттер	11,7	-0,2	9,4	3,3

Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі


Осының алдындағы тоқсанмен салыстырғанда 2014 жылғы 3-тоқсанда салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемесі аздап төмендеді, бұл тамыздағы ұлттық валютадағы мөлшерлемелердің төмендеуіне және шілде мен қыркүйектегі шетел валютасындағы мөлшерлемелердің төмендеуіне байланысты болды.

Нәтижесінде, теңгемен депозиттер бойынша мөлшерлеменің орташа мәні 2014 жылғы 3-тоқсанда 5,6%-ға дейін (2014 жылғы 2-тоқсанда – 5,8%-ға), еркін айырбасталатын валютадағы депозиттер бойынша – 2,6%-ға дейін (2,9%) өсті.

Банктік емес заңды тұлғалардың теңгедегі мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2014 жылғы қыркүйекте 5,3% болды (2014 жылғы маусымда – 5,1%), ал жеке тұлғалардың депозиттері бойынша – 8,6% (8,0%) болды (25-график).

25-график

Депозиттердің және мерзімді депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің серпіні




Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2014 жылғы 3-тоқсанда заңды тұлғалар депозиттерінің көлемі 7753,2 млрд. теңгеге дейін 1,5%-ға көтерілді, бұл ретте жылдық көрсеткіш бойынша өсім (2013 жылғы қыркүйекке қарағанда 2014 жылғы қыркүйекте) 21,4% болды. Заңды тұлғалардың ұлттық валютадағы депозиттері бір жыл ішінде 9,2%-ға өсті, ал шетел валютасындағы депозиттер 45,4%-ға ұлғайды (26-график).

26-график

Заңды тұлғалардың депозиттерінің өзгеру серпіні (өткен жылғы тиісті кезеңге %)




Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Жеке тұлғалар депозиттерінің көлемі 2014 жылғы 3-тоқсанда 4344,3 млрд. теңгеге дейін 0,5%-ға көтерілді, бұл ретте өсу жылдық көрсеткіш бойынша 16,9% болды. Ұлттық валютадағы жеке тұлғалардың депозиттері жылдық көрсеткіш бойынша 6,4%-ға төмендеді, шетел валютасымен – 46,9%-ға ұлғайды (27-график).

27-график

**Жеке тұлғалардың депозиттерінің өзгеру серпіні
(өткен жылғы тиісті кезеңге %)**



Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

3.2.2. Экономикаға кредиттер

2014 жылғы 3-тоқсанда банктердің экономикаға кредиттері 12228,3 млрд. теңгеге дейін 0,5%-ға өсті. Занды тұлғалардың кредиттері 2014 жылғы шілде-қыркүйек үшін 8203,7 млрд. теңге болып, 0,04%-ға ұлғайды, жеке тұлғалардың кредиттері – 4024,6 млрд. теңгеге дейін 1,6%-ға көтерілді.

Ұлттық валютадағы кредиттер көлемі 8486,3 млрд. теңгеге дейін 4,5%-ға ұлғайды, шетел валютасымен – 3742,0 млрд. теңгеге дейін 7,5%-ға төмендеді.

2014 жылғы шілде-қыркүйек үшін ұзақмерзімді кредиттеу 9937,8 млрд. теңгеге дейін 1,6%-ға өсті, қысқамерзімді кредиттеу - 2290,4 млрд. теңге болып, 3,7%-ға төмендеді. Қорытындысында ұзақмерзімді кредиттердің үлес салмағы 2014 жылғы маусыммен салыстырғанда 2014 жылғы қыркүйекте 80,5%-дан 81,3%-ға дейін өсті.

2014 жылғы қыркүйекте банктік емес занды тұлғаларға ұлттық валютамен берілген кредиттер бойынша сыйақының орташа алынған мөлшерлемесі 10,1%-ға дейін төмендеді (2014 жылғы маусымда - 10,4%), ал жеке тұлғаларға теңгемен берілген кредиттер бойынша - 18,5%-ды құрады (2014 жылғы маусымда – 19,8%). Бұл ретте тұтастай алғанда 2014 жылғы 3-тоқсанда қарыз алу құны алдыңғы кезеңдегі деңгейге қатынасы бойынша төмендеді (28-график).


Кредиттеу объектілері бойынша кредиттер құрылымында берешектің негізгі көлемі айналым қаражатын сатып алуға (25,9%), басқа мақсаттарға (22,3%), жаңа құрылысқа және қайта құруға (12,6%), сондай-ақ азаматтардың тұтыну мақсаттарына (21,0%) берілген кредиттерге тиесілі.

Салалық бөлікте банктердің экономикаға кредиттері бойынша ең көп берешегі басқа салаларға (өндірістік емес сала және дара қызмет) – 50,8%, сауда – 19,6%, құрылыс – 10,9%, өнеркәсіп – 10,9% тиесілі.

2014 жылғы 3-тоқсанда ауыл шаруашылығын кредиттеу 5,6%-ға, өнеркәсіпті кредиттеу – 1,3%-ға, сауданы кредиттеу – 0,1%-ға көтерілді. Байланысты кредиттеу - 4,5%-ға, құрылысты – 2,9%-ға, көлікті – 4,2-ға төмендеді.

28-график

Экономикаға кредиттердің серпіні және олар бойынша сыйақы мөлшерлемелері




Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Заңды тұлғалар кредиттерінің көлемі жылдық көрсеткіште (2013 жылғы қыркүйекке қарағанда 2014 жылғы қыркүйекте) 9,6%-ға көтерілді. Заңды тұлғаларды кредиттеудің жалпы көлемінде орташа және ұзақмерзімді кредиттердің үлесі 2014 жылғы қыркүйектің соңында 74,7% болды, ол 2014 жылғы маусымда 73,8%-ға жеткен.

Заңды тұлғалардың ұлттық валютамен кредиттері жылдық көрсеткіште 4,1%-ға, шетел валютасымен – 19,0%-ға ұлғайды (29-график).

29-график

**Занды тұлғаларға берілген кредиттердің серпіні
(өткен жылғы тиісті кезеңге %)**




Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Жеке тұлғалардың кредиттері 2014 жылғы қыркүйекте 2013 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 16,7%-ға көтерілді. Жеке тұлғаларды кредиттеудің жалпы көлеміндегі орташа және ұзақмерзімді кредиттердің үлесі 2014 жылғы қыркүйектің соңында өсті және 2014 жылғы маусымдағы 94,3%-бен салыстырғанда 94,6% болды.

Жылдық көрсеткіште ұлттық валютада халыққа берілген кредиттер 20,3%-ға өскенін, шетел валютасындағы 3,6%-ға төмендегенін көрсетті (30-график).

30-график

**Халыққа берілген кредиттердің серпіні
(өткен жылғы тиісті кезеңге %)**



Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі


3.2.3. Банктердің активтері мен міндеттері

– Активтер

2014 жылғы 3-тоқсанда монетарлық шолуға сәйкес есептелген банктер активтерінің мөлшері 22,5 трлн. теңгеге дейін 1,2%-ға азайды. Банктердің активтері жылдық көрсеткіште (2013 жылғы қыркүйекке 2014 жылғы қыркүйек) 14,7%-ға ұлғайды (31-график).

31-график

Банктер активтерінің серпіні, млрд. теңге



Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Банктердің сыртқы активтері 2014 жылғы қыркүйекте активтердің жалпы көлемінің 18,7% иеленді немесе 4,2 трлн. теңге болды. 2013 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда олар 11,0%-ға көтерілді.


Сыртқы активтердің құрылымында 2014 жылғы қыркүйекте резидент еместерге берілген кредиттер 51,7% (2014 жылғы маусымда – 48,7%), резидент еместерде орналастырылған депозиттер – 22,5% (2014 жылғы маусымда – 28,5%), резидент еместердің бағалы қағаздары – 5,3% (2014 жылғы маусымда – 4,5%), алуға басқа да шоттар – 20,5% (2014 жылғы маусымда – 18,3%) болды.

Ішкі активтердің үлесіне 2014 жылғы қыркүйекте 81,3% немесе 18,2 трлн. теңге тиесілі болды, оның ішінде ұлттық валютамен ішкі активтер 69,7% немесе 12,7 трлн. теңге, шетел валютасымен – 30,3% немесе 5,5 трлн. теңге болды. 2014 жылғы

3-тоқсанда ішкі активтер 1,5%-ға ұлғайды, оның ішінде ұлттық валютамен 3,9%-ға өсті, шетел валютасымен – 3,6%-ға төмендеді (32-график).

32-график

Банктер активтерінің құрылымы, %




Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

– Міндеттемелер

2014 жылғы 3-тоқсанда монетарлық шолуға сәйкес есептелген банктер міндеттемелерінің жалпы сомасы 1,1%-ға ұлғайды және 2014 жылғы қыркүйектің соңында 15,1 трлн. теңге болды (33-график).

33-график

Банктер міндеттемелерінің серпіні, млрд. теңге



Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Банктердің резидент еместер алдындағы міндеттемелері 2014 жылғы маусыммен салыстырғанда 2014 жылғы қыркүйекте 1,4 трлн. теңгеге дейін (7,4 млрд. АҚШ доллары) 2,9%-ға төмендеді, 2013 жылғы тиісті айға 1,0%-ға төмендеді. 2014 жылғы

қыркүйектің соңында банктердің резидент еместер алдындағы міндеттемелері банктер міндеттемелерінің барлық көлемінің 9,0% иеленіп отыр.


Банктердің резидент еместер алдындағы міндеттемелері құрылымында резидент еместердің депозиттері бойынша міндеттемелердің үлесі 2014 жылғы қыркүйекте 2014 жылғы маусыммен салыстырғанда 24,0%-дан 22,6%-ға дейін төмендеді, бағалы қағаздар бойынша міндеттемелердің үлесі 60,8%-дан 62,2%-ға дейін өсті, резидент еместерден алынған кредиттер, тиісінше 12,9%-дан 12,6%-ға дейін түсті.

2014 жылғы 3-тоқсанда резидент еместер алдындағы міндеттемелер 13,7 трлн. теңгеге дейін 1,5%-ға көтерілді, оның ішінде ұлттық валютамен міндеттемелер 8,3 трлн. теңгеге дейін 0,1% өсті, шетел валютасымен міндеттемелер 5,4 трлн. теңгеге дейін 3,7% ұлғайды (34-график).

Осылайша, 2014 жылғы 3-тоқсанда банктердің міндеттемелер бойынша резиденттер алдындағы міндеттемелердің ұлғаюы және резидент еместер алдындағы міндеттемелерінің төмендеуі байқалды.

34-график

Банктер міндеттемелерінің құрылымы, %




Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

3.2.4. Қаржы нарығындағы мөлшерлемелер

2014 жылғы 3-тоқсанда банкаралық нарықта мөлшерлемелер деңгейінің төмендеуі байқалды.

KazPrime индикаторы орташа алғанда 2014 жылғы 2-тоқсанда орташа алғанда 6,50%-дан 2014 жылғы 3-тоқсанда орташа алғанда 6,45%-ға дейін төмендеді. 2014 жылғы қыркүйектің соңында 2013 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда индикатордың деңгейі өзгерген жоқ – 6,50% (35-график).

35-график

KazPrime индикаторының және ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің серпіні, %

Дереккөзі: Қазақстан қор биржасы, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Автоматты РЕПО секторында мөлшерлемелер деңгейінің төмендеуі байқалды.


Автоматты РЕПО секторында 1 күндік операциялар бойынша орташа алынған мөлшерлеме 2014 жылғы 3-тоқсанда өсті және 1,66% (2014 жылғы 2-тоқсанда – 0,72%) болды. Бұл ретте оның ең жоғары деңгейі 5,21%, ал ең төменгі деңгейі – 0,14% болды.

2014 жылғы 2-тоқсанда 7 күндік РЕПО операциялары бойынша мөлшерлемелердің ауытқулары 1,75%-дан 4,47%-ға дейінгі аралықта болды (жалпы осы кезеңде орташа алынған мөлшерлеме 2,92% болды), 14 күндік РЕПО операциялары бойынша – 2,50%-дан 5,50%-ға дейінгі (жалпы осы кезеңде орташа алынған мөлшерлеме 3,58% болды), 28 күндік РЕПО операциялары бойынша – 2,91%-дан 5,03%-ға дейінгі (жалпы осы кезеңде орташа алынған мөлшерлеме 3,92% болды) аралықта өтті (36-график).

Автоматты РЕПО секторындағы мәмілелер көлемі 2014 жылғы 3-тоқсанда өткен тоқсанмен салыстырғанда 10,8%-ға ұлғайды.

36-график

РЕПО операциялары бойынша мөлшерлемелер серпіні, %



Дереккөзі: Қазақстан қор биржасы

4. Ақша-кредит саясатының құралдары мен операциялары


2014 жылғы 3-тоқсанда ақша нарығындағы ахуал жалпы тұрақты болып қалды, айтарлықтай ауытқулар байқалмады.

2014 жылғы 3-тоқсанда Ұлттық Банктің мөлшерлемелер дәлізі өзгеріссіз қалды. Ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесі жылдық 5,5% деңгейінде, банктерден тартылған 7 күндік мерзімдегі депозиттер бойынша мөлшерлеме 2,75% мөлшерінде сақталды.

Мерзімі 30 күнге дейінгі банкаралық депозиттер бойынша орташа алынған мөлшерлеме 2014 жылғы 2-тоқсанда 2,69%-дан 2014 жылғы 3-тоқсанда 2,75%-ға дейін төмендеді. Мерзімі 7 күндік банкаралық РЕПО операциялары бойынша орташа алынған мөлшерлеме 2014 жылғы 2-тоқсандағы 3,41%-дан 2014 жылғы 3-тоқсанда 2,92%-ға дейін төмендеді (37-график).

37-график

Ұлттық Банк мөлшерлемелері дәлізінің шекаралары, %




Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2014 жылғы 3-тоқсанда банктердің корреспонденттік шоттарындағы қалдық серпіні Ұлттық Банкте түрлі бағытта болды. Банктердің ұлттық валютамен корреспонденттік шоттарындағы қалдықтарына жалпы өсу беталысы тән болды. Банктердің ұлттық валютамен корреспонденттік шоттарындағы қалдықтары 2014 жылғы шілде-тамыз айларында біршама өсті, 2014 жылғы қыркүйекте олардың біртіндеп төмендеуі байқалды. Жалпы алғанда, шетел валютасымен корреспонденттік шоттардағы қалдықтар көлемі 2014 жылғы қыркүйек айының соңына 2014 жылғы маусыммен салыстырғанда 20,4%-ға өсті, шетел валютасымен – 29,4%-ға төмендеді (38-график).

38-график

Банктердің Ұлттық Банктегі корреспонденттік шоттарындағы қалдықтар, млрд. теңге



Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі


4.1. Ішкі валюта нарықтарындағы интервенциялар

2014 жылғы 3-тоқсанда Қазақстан қор биржасының валюта сегментінде және банкаралық валюта нарығында сауда-саттықтың жалпы көлемі 2014 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда 39,0%-ға өсіп, 23,0 млрд. АҚШ долларын құрады.

Қазақстан қор биржасында доллар позициясындағы биржалық сауда көлемі 2014 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда 45,2%-ға артты және 21,0 млрд. АҚШ долларын құрады (Қазақстан қор биржасында сауда-саттықтың нетто-көлемі брутто-көлемінің 87%-н құрады). Биржадан тыс валюта нарығында 2014 жылғы 3-тоқсандағы операция көлемі алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 5,0%-ға төмендеді және 1,9 млрд. АҚШ долларын құрады (39-график).

39-график

Ішкі валюта нарығындағы сауда-саттық көлемі, млрд. АҚШ доллары




Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2014 жылғы 3-тоқсанның қорытындысы бойынша Ұлттық Банктің Қазақстан қор биржасына қатысу коэффициенті -30,2% болды (2014 жылғы 2-тоқсанда ол -3,7% болған) (40-график). Осылайша, 2014 жылғы 3-тоқсанда Ұлттық Банк ішкі валюта нарығында шетел валютасын басым сатушы болып табылған.

40-график

Ұлттық Банктің Қазақстан қор биржасындағы қатысу коэффициенті, %




Источник: Национальный Банк Республики Казахстан

4.2. Ең төменгі резервтік талаптар

2014 жылғы шілде-қыркүйекте резервтік активтер резервтеудің қажетті көлемінен орташа алғанда 2,2 есе (2014 жылғы 2-тоқсанда – 2,2 есе, 2013 жылғы 3-тоқсанда – 3,1 есе) асып кетті (41-график).

41-график

Ең төменгі резервтік талаптар нормативінің орындалуы, млрд. теңге




Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

4.3. Ашық нарық операциялары

2014 жылғы 3-тоқсанда Ұлттық Банктің қысқамерзімді ноттарына банктер тарапынан сұраныс аз болып қалып отырды. Осы кезеңде жалпы көлемінде 30,8 млрд. теңге 3 айлық қысқамерзімді ноттар орналастырылды. Шығарылған қысқа мерзімді ноттардың көлемі 2014 жылғы 3-тоқсанда 2014 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда 4,4 есе артты. Орналастырылатын ноттар бойынша орташа алынған кірістілік 2014 жылғы қыркүйекте 3,27 % құрап, 2014 жылғы мамыр деңгейінде сақталды (42-график).

42-график

Қысқа мерзімді ноттарды орналастыру көлемі және олар бойынша кірістілік (кезең үшін)




Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2014 жылғы қыркүйектің аяғында айналымдағы қысқа мерзімді ноттардың көлемі 30,8 млрд. теңге құрады, бұл 2014 жылғы маусымның аяғындағы көлемнен 2,8 есе көп (43-график).

43-график

Айналыстағы қысқа мерзімді ноттар, млрд. теңге (кезең аяғында)



Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі


4.4. Тұрақты механизмдер

2014 жылғы 3-тоқсанда алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда банктерден тартылған депозиттердің көлемі ұлғайды. Бұл ретте банктерден депозиттер тартудың барынша көп көлемі шілде айында тіркелген. Жалпы, 2014 жылғы 3-тоқсанда 1,9 трлн. теңге сомаға депозиттер тартылған, бұл 2014 жылғы 2-тоқсандағы көлемнен 21,3% көп және 2013 жылғы 3-тоқсанмен салыстырғанда 5,1 есе көп.

Депозиттер бойынша сыйақының орташа мөлшерлемесі 2014 жылғы 3-тоқсанда 2,75% құрады (44-график).

44-график

Ұлттық Банк тартқан депозиттер бойынша сыйақы көлемі және мөлшерлемелері (кезең ішінде)




Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2014 жылғы 3-тоқсанда банктердің депозиттері бойынша Ұлттық Банктің өтелмеген міндеттемелерінің көлемі өсті. 2014 жылғы қыркүйек айының қорытындысы бойынша банктердің Ұлттық Банктегі депозиттері бойынша өтелмеген берешек көлемі 165,0 млрд. тенге болды, бұл 2014 жылғы маусымның аяғындағы көлеммен салыстырғанда 24,4%-ға көп (45-график).

45-график

Ұлттық Банктің банктерден тартылған депозиттері бойынша өтелмеген міндеттемелерінің көлемі, млрд.тенге (кезең аяғында)




Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2014 жылғы 3-тоқсанда қайта қаржыландыру қарыздарының жалпы көлемі 1,9 трлн. теңге болды. Осы операциялардың көлемі өткен тоқсанмен салыстырғанда 8,7%-ға азайды (46-график).

46-график

Ұлттық Банктің қайта қаржыландыру қарыздарының көлемі, млрд. теңге (кезең ішінде)



Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі